

**«Астрахан ауылының №1 ЖОББМ» КММ-нің
бастауыш сыныптар апталығының қорытынды есебі**

Бастауыш сынып апталығы **08.04-12.04.2025** аралығында болып өтті. Апталық басталмас бұрын апталықтың жоспары құрылып, әдістеме бірлестігінің отырысында талқыланды және бекітілді.

Тақырыбы: «Жаңартылған білім беру: тиімді әдістер, нәтижелі мүмкіндіктер, табысты тәжірибелер»

Апталықтың мақсаты:Бастауыш сынып оқушыларының танымдылық белсенділігі мен шығармашылығын дамытуға ықпал жасау;Пән бойынша оқушылардың қызығушылығын арттыру арқылы белсенділік пен жан-жақты көз қарасын қалыптастыру.

Апталықтың міндеттері:Әр оқушының жеке қабілеттеріне, мәдени және білім беру қажеттіліктеріне байланысты білім мен білім алуына қолайлы жағдайлар жасау;

- Оқушылардың оқу іс-әрекетіне, болмысты және өзін тануға деген қызығушылығын , функционалды сауаттылығын арттыру;

- Оқушылардың шығармашылық әлеуетін, ұйымдастырушылық қабілетін ашуға көмектесу

-оқушылардың білімге деген қажеттілікті саналы түрде түсінуіне жол ашу; - әр баланың қабілетін таныта отырып, одан әрі дамуына жағдай туғызу; - пән мұғалімдерінің шығармашылығын шыңдау және озат тәжірибені тарату.

Апталық мынадай жоспарда құрылды:

Бастауыш сыныптар арасында (0-4) өтетін сыныптан тыс іс-шаралар жоспары
Уақыты: 08.04 - 12.04.2025ж аралығы

Күні	Іс-шара атауы	Өту уақыты	Жауапты мұғалім	Қатысатын сынып
08.04	Апталықтың ашылуы «Ұлттық ойындар» айдарымен оқушыларды қарсы алу Салтанатты жиын	08.04.2025ж Таңғы 8.00	Олжабек С Барлық сынып жетекшілер	0-4сынып
		Сағат 12.30	Олжабек С	1-4сынып
		08.04.2025ж сағат 15.00	Есимсейтова Г.Қ Койбағарова З.Т	0-4сынып
09.04.	«Көңілді смайликтер» оқушыларды таңғы қарсы алу. «Шапшаң оқу» сайысы	09.04.2025ж Сағат 8.00	Іауысым Имантаева А.Қ ІІ ауысым Касымова Д.К Сынып жетекшілер	1-4сынып
		09.04. 25ж Сағат 12.00	Касымова Д.К	1-4сынып
10.04.	«Қызықты тренинг» таңғы қарсы алу Ұлы жеңістің 80жылдығына арналған «Мәнерлеп оқу» сайысы «Толағай» отбасылық сайыс	10.04.2025ж Сағат 8.00	Іауысым Утеева З.Ж Өтениязова А.А Іауысым	1-4сынып
		10.04.2025ж Сағат 12.00	Олжабек П	1-4сынып
		10.04.2024ж Сағат 16.00	Отениязова А.А Утеева З.Ж	1-2сынып

11.04	«Қызықты ойындар» Таңғы қарсы алу Апталықтың жабылуына орай «Әнші балапан» концерті Қорытынды	11.04.2025ж Сағат 8.00 11.04.2025ж Сағат 12.00	I ауысым Олжабек С II ауысым Казанбаева А.А. Сынып жетекшілер Имантаева А.Қ Казанбаева А.А. 0-4 Сынып жетекші жетекшілері	1-4 сынып 0-4 сынып
-------	--	---	--	--------------------------------

0, 1-4 сыныптардың пән бойынша өткізілетін ашық сабақтар жоспары

№	Пән, Сабақтың атауы	Өту мерзімі	сынып	Жауапты мұғалім
1	Шебер сынып «20 көлеміндегі сандар» білім мен тәжірибе арасындағы көпір Математика	10.04.2025ж 2 сабақ Сағат 08:50 09:35	1 «Ә»	Отениязова А.А
2	Тақырыбы: «Заттың атын білдіретін сөздер» Ана тілі	08.04. 2025ж 1сабақ Сағат 08:00 08:45	1 «А»	Утеева З.Ж
3	Тақырыбы: «Құстар әлемі» Әдеби үйірме Әдебиеттік оқу	09.04.2025ж 2сабақ сағат 14:50 (2ауысым)	2 «А»	Казанбаева А.А
4	«Дыбыстар қандай болады?» Жаратылыстану	09.04.2025ж 3сабақ Сағат 15:50 16:35 (2ауысым)	2 «Ә»	Касымова Д.К
5	Тәжірибе алаңы «Көлеңке қалай пайда болады?» Жаратылыстану	08.04.2025ж 2сабақ Сағат 08.50 09:35 (1ауысым)	3 «А»	Олжабек С
6	«134*5, 670:5 түріндегі жазбаша көбейту және бөлу» Математика	09.04.2025ж 2сабақ 08:50-09:35 (1ауысым)	3 «Ә»	Имантаева А.К
7	«Ғарышқа сапар» Әдебиеттік оқу	09.04.2025ж 1сабақ 14:00-14:45	4 «А»	Олжабек П
8	«Есепті шығаруда санды және әріпті өрнектерді құру» математика	10.04.2025ж 1сабақ 14:00-14:45	4 «Ә»	Олжабек С
9	«Сын есім» Қазақ тілі	10.04.2025ж 3сабақ 15:50-16:35	4 «Ә»	Утеева З.Ж
9	«Жыл мезгілдері, ай аттары Қарапайым математика негіздері. Кіріктірілген сабақ	10. 04.2025ж 2сабақ 09.15 (1ауысым)	0 «А»	Есимсейтова Г.Қ
10	«Сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау» Сауат ашу негіздері.	09.04.2025ж 2сабақ Сағат 11.30	0 «Ә»	Қойбағарова З.Т

Апталықтың бірінші 08.04.25ж күні таңғы 8:00де оқушыларды апталықтың басталуына орай бастауыш сынып мұғалімдері «**Ұлттық ойындар**» айдарымен оқушыларды қарсы алды. Оқушыларбілген ұлттық ойындарды ойнап тәттілер таратылды. Дәл осылай бастауыш сынып ұстаздарыменде «**Ұлттық ойындар**» айдары өткізілді. Ұстаздар мақал айта отырып,апталықтың басталуымен құттықтады.



Апталықтың бірінші күні сағат 12:00де апталықтың **ашылу салтанатына** орай 0-4сынып оқушылары үшін «**Бастауышым бастамам- білім жолын бастаған**» атты салтанатты жиын болды. Апталықтың ашылуына орай оқушылар ән айтып,би-биледі. Апталықтың ашылуына бастауыш сынып ұстаздары «Бастауышым» атты ән орындап,оқушыларды құттықтады. Бұл саптузеу барысында апта бойында өткізілетін іс - шаралардың жоспары, апталықтың тақырыбы мен мақсаты таныстырылып өтті. Мектеп директоры Шонгалова Г.Б мен Көшекбаева Г.А Отенизова А.А құттықтау сөз сөйлеп, оқушыларға сәттілік тіледі.

<https://www.instagram.com/reel/DIUospDoP7A/?igsh=c3Zqb3lyNGZvOHlr>



08.04 күні «Көркем жазу» сайысы 0-4 сынып оқушылары арасында өтті. Жауапты мұғалімдер Есимсейтова Г.ҚКойбағарова

3.https://www.instagram.com/p/DIUogBalxDt/?img_index=1&igsh=OW5yOTRkcDRIYW10

Мақсаты: Оқушылардың көркем жазу дағдыларын арттыру, коллиграфиялық қабілетерін қалыптастыру.**Сайыс нәтижесінде: I орын алған оқушылар**

Бахтияр Нұрай 1ә, Муканова За, Байдалина А За, Амангелді Д 4А, Итемген Әмина 2А,Серік Сабыржан1ә, Қалиуллa А 2а, Серікбол Айбике 3ә, Нұржобай Темірбек А 1ә,Садыбек С 1ә.Алдонғар А 3ә, Қадырберді Р 3ә.

Порын алған оқушылар: Кәмелова А 2ә, Мұрат К 1а

III орын алған оқушылар: Әділбек Батырхан 3ә, Ерден Нұрасыл 3ә, Саттар Нұрайлым 4ә, Жұманазар К За. Оқушылар мақтау қағаздарымен марапатталды.



10.04 күні Оқуға құштар мектеп жобасы аясында «Ұлы Жеңістің » 80 жылдығына орай «**Мәнерлеп оқу**» сайысы өтті. Жауапты мұғалім Олжабек Пернегүл. **Мақсаты:** Жеңіске байланысты ,отанға байланысты өлеңдерді нақышына келтіріп, мәнерлеп жатқа оқуға машықтандыру.

Сайыс қорытындысы: сайысқа 1-4 сынып оқушылары қатысты.

Іорын

Темірбек А 1ә
Асылхан А 1ә
Итемген Ә2а
Есетова К 2а

Порын

Арсекеев Ә 1а
Кәмелова А2ә
Әмірбай Ә 3ә
Рахымбек Р 2а

Шорын

Наврызалиева А1а
Манарбек Т1ә
Азамат А 3ә
Нарлубай И 2ә
Бикежан М 4А
Есімбек М 4а
Бейбитхан Н 3А

Сынып тақырыпқа сай ұлттық нақышта безендірілді, және де кітап көрмесі ұйымдастырылды.Әдеби кеште балалар,балалар жазушыларынан жаттаған өлеңдерін нақышына келтіріп, мәнерлеп айтып,өз деңгейлеріне қарай марапатталды.

https://www.instagram.com/p/DIUo1ROIRzs/?img_index=3&igsh=MWN6dDRmZXV2bnliYg==



09.04 күні таңғы 8:00де «Көңілді ойындар» таңғы қарсы алу тренингісі өтті.

Жауапты бастауыш сынып мұғалідері.

Мақсаты: оқушыларға жағымды көңіл-күй, күндеріне сәттілік тілеу. Оқушылар шаттық шеңберде жиналып, қызықты ойындар ойнады. Бір –біріне тілек,лебіздерін айтты.

«Шапшаң оқу» оқу қарқынын жақсарту мақсатына арналған сайыс. Жауапты мұғалім Касимова Д.К Сайыс қорытындысы бойынша

І орын алған оқушылар: Асау Д 1а, Бахтияр Н 1ә, Ес Самира 1ә, Адамова А 2а, Дауылбай Д 2а, Жәрдембек Н 2ә,Қазыбек А 3а,Наврызалиева Е 3ә,Каримова М 3ә, Жәрдембек А 4а, Бейбитхан Е 4ә, Сатыпалды Қ 4ә,

ІІ орын алған оқушылар Қалилулла А 1а, Ермұханбет А 1ә, Мұрат У 1ә,Манап М 2ә, Сатыпалды С 2ә,Төлеубек І 3ә, Ерік А 3ә, Асау С 4а, Турсумбаева Д 4ә.

Шорын алған оқушылар Джуманова Ж 2а, Қайролла Л 3а,

Сайысқа қатысқан оқушылар мақтау қағазымен марапатталды.



14.04.2025ж күні жоспарға сай 1 «А», 1 «Ә»,2 «А», 2«Ә» сынып оқушылары мен ата-аналарымен отбасылық **«Толғағай» сайысы өтті.** Сайысқа қатысқан отбасылар мақтау қағазымен марапатталып, сый құрмет көрсетілді.



11.04.25ж күні бастауыш сынып апталығының жабылуына орай «**Әнші балапан**» концерттік бағдарламасы өтті. Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларын өнерге баулу, сахна мәдениетімен таныстырып, өнерін шыңдау. Жауапты мұғалім Казанбаева А.А, мен Имантаева А.Қ



1 «А» сыныбында Утеева З. Ж 08.04. күні ана тілі пәнінен «Заттың атын білдіретін сөздер» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ методикалық тұрғыдан дұрыс құрылған. Сабақ кезеңдері жүйелі, бір-бірімен тығыз байланысты. Сабақ кезеңдерінде түрлі әдістер қолданылды. «Тамшы» әдісі, «ақылды кітап», «кім жылдам?» «адасқан суреттер» «бес қадам» деңгейлік тапсырмалар, Жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді. Барлық оқушылар сабаққа толық қамтылды. «Деңгейлік тапсырма» әдісін сабақты қорытындылауға өте тиімді пайдаланды. Сабақ «өте жақсы» деп бағаланды. Сабақта «зымырандар» әдісімен кері байланыс берілді.

1 «Ә» сыныбында 11.04. күні математика пәнінен «20 көлеміндегі сандар. Көгөністер» тақырыбында Отениязова А.А ашық сабағын өткізді. Сабақ методикалық тұрғыдан шебер, дұрыс құрылған. Сабақта тірек – сызба, тақырыпқа арналған слайд, көрнекі-дидактикалық құралдар қолданылды. Қолданылған әдіс-тәсілдер «жұбыңмен бөліс» «кім жылам?» ойыны «кір жаятын жіп» «аквариум» әдістерін тиімдіде, қызықты түрде қолдана білді. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді. Тақырыпқа байланысты «дүкен» ойынын сабаққа тиімді қолданды. Барлық оқушылар сабаққа толық қамтылды. Сабақ «өте жақсы» деп бағаланды. Сабақты қорытындылау мақсатында «білім қоржыны» әдісімен кері байланыс берілді.

4 «А» сыныппен Олжабек П 09.04. күні әдебиеттік оқу пәнінен «Ғарышқа сапар» «Аман қайтіп кел, Звездочка» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ құрылымы жүйелі. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді. Барлық оқушылар сабаққа толық қамтылды. Оқушылар жеке, жұптық, топтық жұмыстарды жақсы орындай білді. Сабақ барысында ойын элементтерін тиімді қолданды. Сабақта қолданған әдістер «айға ұшамын», «сюжеттік талдау» «әдеби шеңбер», «жұптас» әдістерін тиімді қолданды. Сабақта тірек – сызба, тақырыпқа арналған слайд, көрнекі-дидактикалық құралдар қолданылды. «Зымырандар» әдісімен кері байланыс берілді. Ашық сабақ «өте жақсы» деп бағаланды.

0 «А» сынып Қойбағарова З.Т 09.04 күні сауат ашу пәнінен «сөйлемдегі сөздердің реті мен санын анықтау» Кіріктірілген сабақ өткізді. Ашық сабаққа мектеп мұғалімдері қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Оқушыларға жас ерекшеліктері мен ойлау дағдыларын ескере отырып логикалық, қызықты сұрақтар құрастырып берілді. Сабақ тапсырмалары

қызықты құрастырылған. Сабақта «жыл мезгілдерін ата», «Сыйқырлы пішіндер», «адасқан әріптер», «үйшіктер» әдістері қолданылды. Ашық сабақты талдай отырып, әріптестер «жақсы» деген қорытынды жасады. Қатысқан оқушыларға мадақтау қағаздары берілді.

3 «А» сыныпта Олжабек С 08.04. күні жаратылыстану пәнінен «Көлеңке қалай пайда болады?» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ өте қызықты өтті. Методикалық тұрғыдан шебер құрылған. Сабақ барысында тәжірибе алаңында бірнеше практикалық тәжірибе жұмыс түрлері көрсетілді. Мұғалім жаңа әдіс-тәсілдерді сабақта тиімді қолдана білді. «Миға шабуыл», «Ой қозғау», «ББҮ» әдісі, «Зертте, зерделе», «Сентикалық карта» сияқты әдістерді тиімді қолданды. Жеке, жұптық, топтық жұмыстар жүргізілді. Барлық оқушылар сабаққа толық қамтылды. Өткізілген ашық сабақты талдай отырып, әріптестер мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «өте жақсы» деген қорытынды жасады.

0 «Ә» сынып Есимсейтова Г.Қ 10.04.24ж күні Қарапайым математика негіздері «Жыл мезгілдері, ай аттары» кіріктірілген ашық сабақ өткізді. Сабаққа мектеп мұғалімдері қатысты. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Оқушыларға жас ерекшеліктері мен ойлау дағдыларын ескере отырып логикалық, қызықты сұрақтар құрастырып берілді. Өткізілген ашық сабақты талдай отырып, әріптестер мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «өте жақсы» деген қорытынды жасады. Қатысқан оқушыларға шағын сыйлықтар қағаздары берілді.

4 «Ә» сынып Олжабек С 11.04. күні математика пәнінен «Санды және әріпті өрнектер» тақырыбына ашық сабақ өткізді. Сабақ әдістемелік тұрғыдан жүйелі, дұрыс құрылған. Сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді қолдана білді. Сабағын өте тартымды өткізді. Сабақты психологиялық ахуалдан бастап оқушыларды жақсы көңіл күйге бағыттап білді. Оқушылар өте тәртіпті, ынталы қатысты және топпен жұмыс жасай білді. Әр тапсырмадан кейін бағалау парағы толтырылып отырды. Сабақта «Мозайка» әдісі, «Тосын сый» әдісі, «Зымыран» әдісі, «Ғарышқа саяхат», «Бейне сұрақ», «Тілек» әдістерін сабақта тиімді қолдана білді. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді. Сабақта ақпараттық коммуникациялық технологиялар тиімді пайдаланды. Ашық сабақты талдай отырып, әріптестер мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «өте жақсы» деген қорытынды жасады.

2 «А» сыныппен Казанбаева А.А 9.04. күні әдебиеттік оқу пәнінен «Құстар әлемі» тақырыбында әдеби үйірме ашық сабағын өткізді. Сабақ өте қызықты, жүйелі өтті. Сабақта «пирамидаға негізделген тарих» әдісі, «қара жәшік», «әдеби үйірме» сынды әдістерді тиімді қолданды. «Әдеби үйірме» әдісімен жаңа сабақ түсіндіріліп, оқушылар рөлдерге бөлініп, өз рөлдерінде сабаққа жауап бере отырып, сабақты қорытындылады. Әр тапсырмадан кейін бағалау парағы толтырылып отырды. Бағалау парағы арқылы оқушылар өзін-өзі бағалай білуге жаттыққан. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді. Сабақтың тапсырмалары жас ерекшеліктеріне сай құрастырылып берілді. Ашық сабақты талдай отырып, әріптестер мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «өте жақсы» деген қорытынды жасады. Сабаққа оқушылар «білім қоржыны» әдісімен кері байланыс берді.

3 «Ә» сыныппен Имантаева А.Қ. 09.04. күні математика пәнінен «134*5, 670:5 түріндегі көбейту және бөлу» тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақта оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді өзінің шеберлігінде көрсете отырып, сабақта қолдана білді. Сабақта «күн шуағы», «Білімді қолдан», «балық аулау», «мұхиттарды зерттеу», «Фишбоун» әдісі арқылы сабақты қорытындылады. «Білім тамшылары» әдісімен оқушылар кері байланыс берді. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен

орындай отырып, тапсырмаларды толығымен қамтып, өз білімдерін көрсете білді. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Өткізген сабағын талдай отырып, әріптестері мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «өте жақсы» деген қорытынды жасады.

2 «Ә» сыныппен Касимова Д.К. 09.04. күні жаратылыстану пәнінен «Дыбыстар қандай болады?» тақырыбы бойынша ашық сабақ өтті. Сабақ әдістемелік талапқа сай құрылған. Сабақ сәлемдесумен, психологиялық дайындықпен басталып, оқушылардың өткен білімдерін тексере отырып, жаңа сабақпен байланыстыра сабақтың тақырыбын ашты. Сабақта оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдерді өзінің шеберлігінде көрсете отырып, сабақта қолдана білді. Оқушылар берілген тапсырмаларды рет-ретімен орындай отырып, дыбыстарды зерттеуге байланысты тәжірибе жұмыстарын орындай білді. Сабақ барысында жеке, жұптық, топтық, ұжымдық жұмыстар жүргізілді. Мұғалім оқушыларды сабаққа қызықтыра білді және оқушылар өзіндік бағалау парағы арықылы өздері бағалады және бағдаршам көздері арқылы кері байланыс жасалды. Өткізген сабағын талдай отырып, әріптестері мұғалімнің педагогикалық шеберлігі, бақылаушылығы, эмоциялық деңгейі «өте жақсы» деген қорытынды жасады.

Қорыта келе Мұғалімдер ашық сабақтарында жаңа форматтағы әдіс-тәсілдері тиімділігіне қарай шебер қолдана білді. Сабақтардың құрылымы жаңа әдіс-тәсілдерге сай құрастырылды.

Сабақтарға бастауыш сынып мұғалімдері, мектеп әкімшілігі қатысып, талдау жасалып, жақсы баға берілді. Мұғалімдер сабақ өткізудің түрлі формаларын практика жүзінде танытты.

Бастауыш сынып оқушылары мен мұғалімдері ерекше көңілмен дайындалды. Апта бойы пәндер бойынша қызықты сөзжұмбақтар мен тапсырмалар, логикалық есептер ілінді. Оқушылардың қызығушылықтары жоғары болып, белсенділіктерін танытты.

Бастауыш әдістеме бірлестік жетекшісі: Олжабек С

